


ISSN 2073-333X
МЕЖДУНАРОДНЫЙ НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

№4/4 2020

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҒЫЛЫМЫ МЕН ӨМІРІ
НАУКА И ЖИЗНЬ КАЗАХСТАНА
SCIENCE AND LIFE OF KAZAKHSTAN



Құрылтайшы:

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ КЛУБЫ

Учредитель:

МЕЖДУНАРОДНЫЙ КАЗАХСТАНСКИЙ КРИМИНОЛОГИЧЕСКИЙ КЛУБ

Founder:

INTERNATIONAL KAZAKHSTAN CRIMINOLOGY CLUB

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҒЫЛЫМЫ МЕН ӨМІРІ НАУКА И ЖИЗНЬ КАЗАХСТАНА SCIENCE AND LIFE OF KAZAKHSTAN

**№4/4
2020**

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ
МЕЖДУНАРОДНЫЙ НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
INTERNATIONAL SCIENCE JOURNAL

Бас редактор – **Алауханов Е.О.** «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері», заң
ғылымдарының докторы, профессор

Главный редактор – **Алауханов Е.О.** «Заслуженный деятель Казахстана», доктор
юридических наук, профессор

Editor-in-chief – **Alaukhanov Ye.O.** «Honored Worker of the Republic of Kazakhstan», doctor
of Law Sciences, professor

МАЗМҰНЫ • СОДЕРЖАНИЕ • CONTENTS

ЗАҢ ҒЫЛЫМЫ – ЮРИДИЧЕСКАЯ НАУКА – LAW SCIENCE

Адам М.А., Сарина С.А. Сущность и содержание налоговой процедуры в сфере административной юстиции Республики Казахстан	20
Акшалова Р.Д., Абаева Х.А. Международно-правовые вопросы регулирования защиты прав интеллектуальной собственности при распространении и передачи технологий возобновляемых источников энергии	27
Ауешова Б.Т. Формирование эффективности и результативности работы государственных служащих	34
Болеев Т.К., Жаркинбаева Д.С., Абдилаким Ж.А. О причинах подростково-юношеской преступности в Казахстане	39
Борейчук А.Ю., Панихин А.С. Правовое положение интернет-предпринимателей	44
Борейчук А.Ю., Уткалиева К.А. Актуальные проблемы защиты прав потребителей, участвующих в электронных торговых операциях	47
Жолдошова А.Я. Статус педагога и другие актуальные проблемы в сфере образования в РК	50
Жуматаев А.А. Некоторые вопросы внедрения методик криминалистического исследования запаховых следов человека в Республике Казахстан	58
Ирубаева А.Т. Комплексные меры противодействия террористическим актам в Республике Казахстан	61
Конысбекова М.Р., Ахмет Ғ.Б., Ақтымбаев К.И. Жедел-іздістіру қызметін жүзеге асырушы органдар қызметкерлерін әлеуметтік және құқықтық қорғау	64
Конысбекова М.Р., Сейлқасымова Р.А. Жедел іздестіру қызметіндегі операциялық (жедел) жағдайды зерттеу әдістемесі	69
Kuanaliyeva G.A., Makhambetsaliyev D.B. U.S. Supreme court as constitutional control body	74
мадиев К.С., Федотов С.В. Негласный контроль, перехват и снятие информации, передающиеся по сетям электрической (телекоммуникационной) связи, вопросы правоприминительной практики и совершенствования	83
Раимжан С.Б. К вопросу о внедрении нейролингвистического анализатора (полиграф) в практику раскрытия и расследования преступлений	87
Раисов А.А., Амерханов Р.А. Место прокуратуры в системе органов государственной власти Республики Казахстан	92
Сагимбекова М.Н., Кала Н.С. Больше, чем прецедент: подразумеваемые условия договора в контрактах, заключённых по английскому праву	96
Тасқын Е.Т. Азаматтардың шетелдік қарулы қақтығыстарға қатысуының алдын алудың кейбір мәселелері	101
Темиргазин Р.Х., Каражанов М.Д. Криминалистические тактические операции, реализуемые в ходе досудебного расследования уголовных правонарушений техногенного характера	106

ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМЫ – ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ НАУКА – PEDAGOGICAL SCIENCE

Альптекин З., Жолдасбекова Д.А. Сравнение некоторых элементов системы образования в Казахстане и Турции	113
Аренова А.Х., Касымбергбаев Б.Т. Формирование инновационного мышления студентов в современных условиях вуза	117

Асанов Т.И., Жолдасбеков Ә.Ә.	
Болашақ дене тәрбиесі мұғалімдерінің кәсіби-этикалық мәдениетін қалыптастыру	122
Әбдіғапбарова Ұ. М., Ешенкулова Д.Б.	
Оқушының өздік оқу іс-әрекетінің мәні мен құрылымы	127
Байдалиев Қ.А., Саипов А., Абуов А.Е.	
Көркем еңбек пәні мақсаттарының бірізділігі жобалап оқыту технологиясын меңзейді	131
Белесова Н.А., Албытова Н.П.	
Основы межличностных отношений в педагогической среде	136
Джанаева Ж.М., Кулкаева Л.А., Керимкулова Ж.Д.	
Болашақ маманның кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудағы ақпараттық технологиялардың маңыздылығы	139
Ермаганбетова С.К., Байшагиров Х.Ж.	
Особенности профессионально-ориентированного обучения математике при подготовке бакалавров техники и технологии	143
Жангужинова М.Е., Каржаубаева С.К.	
Методические аспекты применения дистанционных образовательных технологий кафедры сценография в КазНАИ им.Т.К. Жургенова	146
Жангужинова М.Е., Рахимов А.С.	
Сравнительный анализ содержания формирования профессиональной компетентности (на примере Казахстана и Латвии)	154
Жангужинова М.Е., Рысымбетов Е.К.	
Обзорный анализ международного опыта формирования профессиональной компетентности в непрерывном образовании	162
Жұмабеков Р.Қ., Жолдасбеков Ә.Ә.	
Жаңартылған оқу жағдайында болашақ дене тәрбиесі мұғалімдерін әлеуметтендірудің педагогикалық шарттары	168
Карабаева К.Ж., Оңалбекова А.С.	
Концептуальный базис интегрированного подхода в формировании образовательного продукта у студентов языкового вуза	173
Kendzhaeva B.B., Myrzakhanova A.K., Kizdarbekova M.A.	
Comparative characteristics of methods of teaching english	179
Маусымбаев С.С., Желдыбаева Б.С., Муздыбаева Г.А., Нурабаева Г.У.	
Подготовка будущего учителя физики к научно-исследовательской работе	184
Махашова П.М., Сманова У.К.	
Жоғары білім беруде оқытудың интерактивті әдістерін қолданудың педагогикалық-психологиялық мүмкіндіктері	189
Мовкебаева З.А., Хамитова Д.С.	
Рекомендации к организации дистанционного обучения студентов с особыми образовательными потребностями	195
Мұсабекова Г.Т., Жолдасбекова Б.Ә., Таштауова Ж.Х.	
Болашақ мұғалімдердің коммуникативтік мәдениетін дамытудың педагогикалық шарттарын жүзеге асыру	199
Мусабекова Г.Т., Жолдасбекова Б.А., Жолдасбекова Д.А.	
Патриотическое воспитание студентов на основе казахской этнопедагогике	204
Мұсабекова Г.Т., Жолдасбекова Қ. Ә., Теңізбаева Г.А.	
Мұғалімнің инновациялық мәдениетін қалыптастыру	210
Рысбекова Л. Қ., Алтынбеков М.А.	
Студенттердің салауатты өмір салтын ұстанудағы педагогтың рөлі	216
Сарбасова А.Е., Журмагамбетов С.М.	
Прагматический аспект политического дискурса	220
Сейдуалиева А.Н.	
Оқу үдерісінде коллаборативті ортаны ұйымдастырудың маңыздылығы	225
Сутеева М.А., Шаштыгарин М.М.	
Болашақ мамандарының кәсіби білім беру технологиялары	229
Тасенова П.Б., Ашимбекова Б.А.	
Дәрігер-студенттердің психоэмоционалдық күйзелісінің алдын алу	236
Телибаева Л.А., Қобланова А.Ж.	
Коммуникативтік этикет және оның ерекшеліктері	240
Tsay Y., Baishekeyeva A.A.	
Developing intercultural communicative competence through reading authentic texts	244
Shashtygarin M.M., Abnasirova A.K.	
Creative abilities of the personality as the basis for the development of technical creativity	248

ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫ – ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ НАУКА – PHILOLOGICAL SCIENCE

Ахметзянова С.А., Колых О.А.	
Влияние образа мыслей на эмоциональную стабильность личности	251
Искакова А.Ж., Бекназарова Ұ.Ө.	
Қазақ және ағылшын тілдеріндегі тағдыр концептісінің лингвомәдениеттанымдық сипаттамасы	257
Картаева А.М., Нурланова А.Н., Тургумбаева Н.К.	
Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиіне қоғамның әлеуметтік бейімделуінің тиімді жолдары	263
Кожбаева Г.К.	
Лингвистические особенности американской мультикультурной литературы	267
Пірәлі Г.Ж.	
Шыңғыс Айтматов шығармашылығының танылуына Мұхтар Әуезовтің қосқан үлесі	272
Сарбасова А.Е., Мұханова Ж.Н.	
Современное состояние англоязычных словарей сленга	277
Сейтенова А.Е., Болатова Г.Ж.	
Шерхан Мұртаза шығармаларындағы пейзаж және «Соғыс» концептінің элементтері	282
Tairova G.A.	
Realization features of linguoculturological concept "Woman" (on the basis of the british novel)	288
Таусоғарова А. Қ., Түзелбаева Д.М.	
Этнонимді газет тақырыптарларының коммуникативтік-прагматикалық аспектісі	293
Төленбаева К.	
«Қазақ әніндегі әйел азаматтарының орындау бағытының негізін салушы Майра Уәлиқызының шығармашылық тұлғасы»	302

ӘЛЕУМЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ – СОЦИАЛЬНАЯ НАУКА – SOCIAL SCIENCE

Bulatova M.B.	
Peculiarities of news media text in national online media of the republic of Kazakhstan	305
Tausogarova A., Toleugali S.	
Code switching in media discourse	311

ӨНЕРТАНУ ҒЫЛЫМЫ – ИСКУССТВОВЕДЧЕСКАЯ НАУКА – ART SCIENCE

Абилядаева К.М., Айсеева Н.Н.	
К вопросу об Исламе в антропонимической картине мира казахов	316
Бегалиева А.К., Қосанбаев С.Қ.	
Некоторые сведения из жизни и деятельности Кенесары Касымова	321
Бекенова А.С., Абдрахман Г.Б.	
Қазақстанның Альт репертуарына лайықталған өңдеулер мен шығармалар	326
Григорьян В.Г.	
Взаимодействие искусства и ремесла в учебном процессе Баухауз (к столетию основания архитектурно-художественной школы)	332
Жукенова Ж.Д.	
Национальное достояние – казахские ковры	337
Исаева А.А., Сарымсакова А.С.	
Применение скрипки в современной неклассической музыке популярных жанров Казахстана конца XX начала XXI века	342
Қайыр Ж. Ұ., Ізім Т.О.	
Хореографиялық қойылымдардағы дәстүрлі мәдениет мазмұны	346
Кунаев Д.А.	
М.О.Ауэзов и Татарская литература	350
Қайпбаев Е.М.	
Геоботаническое обследование земель Кабанбайского сельского округа (Алакольский район, Алматинская область)	353
Оразбаев Ж.И.	
Произведения для саксофона современных композиторов Казахстана	358

Пазылақын Т. Ұ., Курманбаева З.К.

Музыкалық эстрада орындаушысының вокалдық – сахналық қызметіндегі актерлік өнердің
көркемдік-шығармашылық әлеуеті 362

ФИЗИЧЕСКАЯ НАУКА – ФИЗИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМ – PHYSICAL SCIENCE

Оразбаев Е.Д., Жилисбаев Н.К.

Студенттердің денсаулығын нығайтудағы дене тәрбиесінің рөлі 366

Сейдахметов Е.Е., Қалиев Н.Қ.

Студенттік спорт-салауатты өмір салтының негізі 370

Сейдахметов Е.Е., Қалиев Н.Қ.

Адам ағзасына иппотерапияның әсері 374

Уразбаев А.А., Қасенов Т.Б.

Дене шынықтыру пәні оқытушысының сөйлеу этикеті 378

МРТИ 17.07.41
17.81.31**Сейтенова Айгүл Ермаханқызы**1 курс PhD докторанты,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы қ., Қазақстан**Болатова Гүлжан Жамбылқызы**ғылыми жетекші, ф.ғ.д.,
қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы
кафедрасының аға оқытушысы,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

ШЕРХАН МҰРТАЗА ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ПЕЙЗАЖ ЖӘНЕ «СОҒЫС» КОНЦЕПТИНІҢ ЭЛЕМЕНТТЕРІ

Аңдатпа. Мақала Шерхан Мұртаза шығармаларындағы көркем пейзаж суреттемелері арқылы «соғыс» концептінің көрініс табу жағдайларын талдауға арналған. Көркем уақыты Ұлы Отан соғысы орын алған жылдар болып табылатын туындылардағы табиғат суреттері негізінде автордың, баяндаушы-кейіпкердің соғыс туралы ой-сезімін, дүниеқабылдау ерекшеліктерін бақылауға болады. Баяндаушыға тән әлем картинасындағы соғыс концептінің пайымдалуы оның кеңістікті сезіну, құбылыстарды сипаттау ерекшеліктерін ашу арқылы айқындалады. Ш.Мұртазаның «Ай мен Айша», «Мылтықсыз майдан» атты романдарындағы авторлық баяндау, кейіпкердің ішкі монологтары талданып, оларға тән дискурстық сөз қолданыстар арқылы қаламгерлік стильдегі «соғыс» концептін кейіптейтін ұғымдар жиынтығы анықталады. «Ай мен Айша» романындағы батыс ұғымының ассоциативтік мәні, табиғат құбылыстарын соғыспен сабақтастықта қабылдаудағы психологизм қырлары, түс-түс палитрасының философиялық-эстетикалық, көркем-символдық мағынасы зерделенеді. Осы талдаулар негізінде тылдағы еңбекші халықтың соғыс туралы ой-түсініктері, ішкі сезім иірімдері ашылады. Соғыстың жеке адам тағдырына салған қасірет-қайғысының бедері нақты мысалдар бойынша сараланатын болады. Бұл, біріншіден, әдеби поэтикадағы соғыс салдарынан туындаған әлем картинасын танып-білуге жол ашады. Екіншіден, көркем әдебиеттегі соғыс пен бейбітшілік жайлы халық толғанысын пайымдауға мүмкіндік береді. Үшіншіден, соғыстың адамзат санасындағы құндылықтар бағдарына әсері айқындалады.

Түйін сөздер: әлем, картина, пейзаж, соғыс, концепт.

ЭЛЕМЕНТЫ КОНЦЕПТА ПЕЙЗАЖА И «ВОЙНЫ» В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ ШЕРХАНА МУРТАЗЫ

Аннотация. Статья посвящена анализу отражения концепции «войны» в произведениях Шерхана Муртазы путем художественного описания пейзажа. Описание природы в произведениях автора, появившихся в годы Великой Отечественной войны, в основном, позволяет наблюдать за чувствами автора, героя-повествователя о войне, за его особенностями мировосприятия. Рассуждение о концепции войны в картине мира повествователя раскрывается посредством его чувства пространства, раскрытия особенностей описания явлений. В романах Шерхана Муртазы «Ай мен Айша», «Мылтықсыз майдан» анализируется авторское повествование, внутренние монологи персонажа и определяется совокупность понятий о концепции «войны» в литературном стиле посредством присущего им дискурсного словоупотребления. В романе «Ай мен Айша» осмысливается ассоциативное содержание понятия запада, психологические грани в восприятии явлений природы во взаимосвязи с войной, философско-эстетическое, художественно-символическое значение цветовой палитры. На основании данных анализов раскрываются мысли трудового народа в тылу, их внутренние глубокие чаяния. Отпечаток глубокой скорби и печали, оставленный войной в судьбе каждого человека, будет анализироваться на конкретных примерах. Это, во-первых, позволяет узнать и прочувствовать в литературной поэтике картину мира, возникшую вследствие войны. Во-вторых, позволяет понять в художественной литературе думы народа о войне и мире. И в-третьих, раскрывается влияние войны на ориентиры ценностей в сознании человека.

Ключевые слова: мир, картина, пейзаж, война, концепт.

ELEMENTS OF LANDSCAPE AND WAR CONSTRUCT (OR CONCEPT) IN THE WORKS OF SHERKHAN MURTAZA

Abstract. The article is devoted to the analysis of capturing of the concept of “war” in the works of Sherkhan Murtaza by way of an artistic description of landscapes. The description of nature in the works that appeared during the years of the Great Patriotic War primarily makes it possible to track the feelings of the author, who is a hero-narrator of the war, and peculiarities of his perception of the world. Deliberation on the concept of war in the global picture of the narrator is revealed through his sense of space, by revealing the peculiarities of the phenomena description. In Sherkhan Murtaza’s novels – “Ay men Aisha” and “Mytlyksyz Maidan”, the author’s account of events, the character’s interior monologues are being analyzed, and a set of notions of the concept of “war” is identified in the literary style through the inherent discursive use of words. In the novel “Ay men Aisha”, the associative content of the concept of the West, the psychological facets in the perception of natural phenomena in relation to war, philosophical and aesthetic, artistic value and symbolism of the color palette are given meaning to. These analyzes reveal the thoughts of the workpeople on the home front, their inner profound aspirations. The imprint of deep sorrow and sadness left by the war in each person’s destiny will be analyzed using specific examples. This, first of all, allows one to learn and feel deeply the world landscape in literary poetics resulting from the war. Secondly, it helps to understand people’s thoughts about war and peace in fine literature. And thirdly, it reveals the impact of war on value orientations in a human mind.

Keywords: peace, picture, landscape, war, concept.

КІРІСПЕ

Сөз өнерінде табиғат сұлулығын суреттеуге айрықша көңіл бөлу ерте замандардан тамыр тартатыны белгілі. Себебі тылсым табиғат бейнесі адамның өзі жайлы және өзін қоршаған әлем жайлы көзқарас-тұжырымын білдіруге мүмкіндік беретін басты көркемдік құралдардың бірі болып табылады. Ш.Мұртаза өз туындыларында көркем пейзаж арқылы адам жан әлемінің қия-қалтарыстарына үңілуге жол ашады. Қаламгер табиғат кескін-келбетін өрнектей отырып, соның негізінде кейіпкерлердің оған деген қатынасына баға береді, сол арқылы олардың рухани болмысы мейлінше терең ашыла түседі. Пейзаждың мағыналық семантикасы, сайып келгенде, қаһарманның ішкі ахуалын мейлінше объективті түрде бейнелеуді білдіреді. Көп жағдайда адамның тұлғалық болмысының толымдылық деңгейі оның табиғатпен етене жақындығы арқылы анықталатыны даусыз.

Табиғаттың көркем бейнесі шығармада жалаң әдеби фон ролін атқара бермейді. Әдеби-көркем пейзажға авторлық толғамға сәйкес рухани-философиялық мән үстелетіні сөзсіз. В. Хализев адамзаттың сан ғасырлар бойы қалыптасқан мәдениетінде адам мен табиғаттың «терең әрі мызғымас сабақтастығы қалыптасқандығын» атап өтсе [Хализев В.Е., 2005, б. 228]. Ю. Лотман пейзаж макрокосмының адам және адамзат микрокосмымен метафоралық тұрғыда байланысты екендігін тілге тиек қылады [Лотман Ю.М., 1999, б. 478]. Ал осы ойларды дамыта келе, М.Эпштейн әр пейзажды ауқымды метафора деп бағалап, соның айқын принциптік қағидасы ретінде «табиғат пәлсапасы – оның тұлғаға деген қатынасы» дегенді айтады [Эпштейн М.Н., 1990, б. 304].

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Көркем әдебиетте соғыс тақырыбы қашанда адамзаттың ауыр қайғы-қасіретін арқау етеді. Тікелей майдан даласын суреттеу бар да, тылдағы

халықтың соғыс жайлы таным-түсінігін бейнелеу бар. Бұл екеуінің де соғыс зардаптарының адамзат санасына түсірген сызатын кескіндеудегі көркемдік әлеуеті жоғары. Дегенмен соғыс кезеңіндегі еңбекші халықтың ой-сезімін зерделеу арқылы соғыс рухының көркем көрінісін бағамдауға болады.

В.И. Карасик концепт құбылысын адам жанында сақталатын маңызды типтендірілген тәжірибе фрагменттері болып табылатын ментальді түзілім ретінде зерделейді [Карасик В.И., 2004, б.59]. Әдеби мәтін құрылымында концептінің орын алуы оның коммуникативтік бағдарын айқындайды. Демек, концепт оқырманды ойлануға, пайымдауға бастайтын ұғымдар бірлігі деген сөз. Осылайша, концепт арқылы мәтін мен оқырман арасындағы терең байланыс орнайды. Ш.Мұртаза туындыларындағы «соғыс» концептінің рухани-ресурстық әлеуеті оқырманды соғыс дәуірі, соғыс рухы туралы ойларға бастайды. Мәтін астарында жатқан соғысқа деген наразылық, бейбіт өмірді аңсау идеялары рецепиентке адамгершілік ізгі ой түйіндерін ұсынады.

Х.Чайлак «соғыс» концептінің орыс тіліндегі лексикалық репрезентациялары ретінде келесі ұғымдар тізбегін келтіреді: өлім, қан, жара, қасірет, сатқындық, қаһарман, жауынгер, адалдық, ар-ұждан, жад, Отан, майдангер, тыл, майдан, т.б. [Чайлак Х., 2015, б. 112-116]. Көркем әдебиетте автордың лексикалық қорына байланысты және сөздердің символдық мәнге ие болуына орай «соғыс» концептінің түрлі репрезентанттары туындай беруі әбден орынды. Ш.Мұртаза шығармаларында тылдағы қазақтардың қабылдауындағы соғыс ұғымы қан майданның тылдағы жұмысшы халыққа түсірген ауыртпалығы, күйреген отбасылардың тауқыметі күйінде пайымдалады.

«Соғыс» концепті белгілі бір қасиеттерге ие, өте күрделі ментальді түзілім болып табылады,

– дейді В.Дубинин, О.Козлова. – ол түрлі типтегі тілдік бірліктер арқылы бедерленіп, ұлттық спецификаны айқындайды. Осы орайда ол образдық, ұғымдық, құндылықтық сипаттамаларға ие» [Дубинин В., Козлова О., 2016, б. 68-69]. Шын мәнінде, концептінің образдық-семантикалық аясы әр қаламгердің көркем фантазиясына орай кеңейе беруі мүмкін. Мысалы, Ш.Мұртаза романдарында соғыс ұғымымен сабақтас пайымдалатын бірліктер: батыс, қан, майдан, жауынгер, солдат, қара қағаз, өлім, қаза, аштық, жетім, жесір, жаралы, т.б. Осы қатардағы батыс ұғымы – кейіпкер-баяндаушы, автор үшін соғыс кеңістігіне мегзейтін кеңістік бағыты. Автор танымында батыс – бүкіл қасіреттің мекені, дұшпанның зұлым ойының бағыты. Батысқа сапар шегу де осы орайда қасірет шегу деген мағынаны білдіреді.

Ш.Мұртазаның соғыс жылдарын суреттейтін туындыларында кеңістікті суреттеудегі батыс ұғымы ерекше мәнге ие. Батыс – тек автор ұғымында ғана емес, Жуалы тұрғындары, тіпті күллі қазақ жұртшылығы үшін – соғыс даласы; фашист әскерінің сойқан салған қанды майданы:

«...Төменде, Теріс өзенінің бер жағында, темір жолмен пойыздар арлы-берлі өтіп жатыр. Паровоздың боздаған үні талып естіледі. Батысқа қарай кеткені көбірек боздайтын сияқты. Кейін-кейін шамаласам, батысқа қарай сол пойыздармен кілең боздақтар соғысқа аттанып бара жатады екен ғой» [Мұртаза Ш., 2002, б. 128].

Бұл – естелік ыңғайында автор өмірінің түрлі кезеңдерін көктеп өтіп, жад жаңғырығын танытар ой үзігі. Қанды қасапқа кезекті жасақты әкетіп бара жатқан поезддің боздаған даусы, шын мәнінде, туған жермен қош айтысқан жауынгерлердің – «кілең боздақтардың» үні болса керек. Шағын ғана мәтін телімінде «боз» түбірлі сөз үш мәрте кездеседі. Тарихи-этимологиялық шығу төркіні түйенің боздауынан тамыр тартатын осы сөз қолданысы көркем шығармада «боздақ» ұғымының ішкі мағыналық қабатын соғыс контекстінде ерекше мәнге бөлейді.

Бала Барсханның аспанда ұшқан тырналарды соғысқа кеткен солдаттарға ұқсатуында тырнаның қалыптасқан ассоциативтік түсінікте жауынгерлерді білдіруімен сабақтас [Р.Ғамзатовтың «Тырнарлар» өлеңін еске түсіріңіз]. Тырнарлардың қаз-қатар бұрыш жасап ұшуын әскери тәртіп, сап түзеу сынды ойлармен ұштастырған бала осылайша оларды соғысқа аттанған жақындарына ұқсатып, көңіл түкпірінде жатқан сағыныш сезімін сыртқа шығарады.

Майдан даласы мәніндегі «батыс» сөзінің қолданысын «Мылтықсыз майдан» романынан да байқаймыз. Әкесі Орақ соғысқа аттанғанда іште қалған Әскербектің дүниеге келуі де ерекше құбылыс болды. Оның салмақты себебі де жоқ емес. Әскербек Мамай шалдың үлкен ұлы Орақтан қалған жалғыз тұяғы. Көптің көргенін сіз де көрерсіз деген жалғыз ауыз сөзімен әкесін жү-

батқан Орақтың маңдайына майданнан тірі оралуды жазбапты. Романның сюжеттік желісіндегі осынау трагедиялық сәтке жетелер шоқтықты эпизод – осы. Тотияның толғағы қысқан кезде Табиғат-ана да тосын мінез танытып, буырқанып жатты. Табиғат құбылысы мен Тотияның толғағы көркемдік тұрғыда психологиялық параллелизммен беріледі. Сәби туа салысымен табиғат-ананың да тыншып, өз арнасына түскені былайшы сипатталады: «Аспанның кірі ашылып, сай-сайда лайсаң су ағып жатты. Шырышқа мөлтілген ілініп қалған тамшыдан Нұрперзенттің шайтан-тері шалбарының балағы малмандай су болды. Әлгінде зікір салған зілқара бұлттар қазір жынынан айырылған бақсыдай жуасып, Алатаудың басына барып аялдапты. Лезде күн күлімдеп, кемпірқосақ күмбезденіп, құстар қайта әнге басты» [Мұртаза Ш., 2002, б. 16]. Көркем әлемдегі нөсер көктен жауған күш-қуатты білдіреді. Бақсының сарынындай магиялық ғұрып формасында берілген дауыл кейіпкерлер әлемі үшін тазару, жандану үдерістерін бейнелейді. Фольклорлық сарынға сай дауыл тұрғызып, күн күркіретіп, жарық дүние есігін ашқан сәбидің есімін атасы әкесі аман келсін деген үкілі үмітпен Әскербек деп қойған еді. Майдандағы ұлдан ұрпақ сүйіп, күпті жүректері бір жасап қалған шаңырақтың жан тебіренісі автордың баяндау стилінен де аңғарылады. Оқырман оны, сөзсіз, Мамай жанұясының ықылас-пейілі деп таниды: «Сөйтіп майданда жүрген Орақтың баласы жауын құртынан үлкенірек болып, нөсерлеткен жаңбырдың астында, батпақ көлшіктің үстіне тыраң ете түсті.

Нөсер батыстан келді. Орақ әдейі жұмсап жібергендей. Менің тұңғышымның былқылдақ маңдайынан мен үшін сүй дегендей» [Мұртаза Ш., 2002, б. 14]. Осылайша, Мамай қарт табиғаттың құбылысын да майдандағы ұлына деген сағынышпен сабақтастырады. Колхоздың тынымсыз жұмысынан қол қалт еткен сәттегі ендігі бірде шақта «Ай мен Айшадағы» бала Барсхан қиял құшағына беріледі: «Арпаның шөмелесіне шалқалай жатып аспанға қараймын. Ала шарбы бұлттар шығысқа қарай тізбектеліп көшіп барады. Бұлтқа шекара, тосқауыл жоқ. Мүмкін, бұл бұлт сонау Атлант мұхитынан шығып, қансыраған Еуропаның үстінен өтіп, ұлы майданның түтінімен араласып, біздің жерге де жеткен шығар. Майданда бұл бұлтты Нәметқұл көкем, Орха мен Ноха көкелерім, Махан мен Сейсенбай ағаларым көріп: «Бұлттар, елге сәлем айта барыңдар. Барсхан деген бауырымыз бар еді, тірі жүрсе, соған ерекше сәлем айтыңдар. Далада жүрсе, төбесіне тоқтаңдар!» деді ме екен» [Мұртаза Ш., 2002, б. 180]. Бала көңілінде арпалысқан үміт пен сағыныш, ұшқыр қиял жай ғана аспан көгінде жылжып көшіп бара жатқан бұлттарға көз салып, осындай лирикалық лептегі ойлы картинаны салып шығады.

Күздің көңіл құлазытар жайсыз бір мезетін суреттейтін келесі үзіндіде соғыс сұмдығы сезі-

леді: «Батысқа қарай топ-топ құзғын қарға қалбаңдай ұшып барады. Сол жақта жемтік молын жер түбінен сезгендей. Жер түбінен қанның иісін сезгендей. Қалбаңдап ұшысы жаман. Анау алыс батыста молшылыққа кенелетін түрі бар» [Мұртаза Ш., 2002, б. 18]. Баяндау лебінен үрейлі сарын аңғарылады. Эстетикалық тұрғыда тіршіліктің сұлулық оппозициясындағы сұрқия жағы қалам ұшына іліккен. Жемтік іздеген құзғын, қан иісі сынды ассоциативтік образдар көпшілікке тән көңіл ауанын білдіреді хақ.

К.Стародубцева Л.Гумилев шығармашылығындағы «соғыс» концептін талдай келе, аталған концептінің ұғымдық, предметтік, ассоциативтік, образдық, символдық қабаттарын ажыратады [Стародубцева К., 2016, б. 164-170]. Осы тұрғыдан келгенде, Ш.Мұртаза романдарындағы «соғыс» концептінің пейзаждық кеңістікті қабылдау контексіндегі әртүрлі мәндері ашылады. Мысалы, батысқа кеткен боздақтар контексіндегі боздақ – оралатын-оралмайтыны белгісіз солдат, туған жерін қимай кетіп бара жатқан жауынгер. Кейіпкер қабылдауындағы паровоздың үні де боздап естілуі ассоциативтік ыңғайда трагедияға бет алған сапаршыларды кейіптейді.

Батысқа ұшқан қарғалар автор танымында қантөгіске жемтік іздеп бара жатқан құзғын ретінде бағаланса, қаз-қатар ұшқан тырналар – әскер, тәртіп мәндерін үстей отырып, әскери борышын өтеп жүрген жауынгерлердің образын елестетеді.

Табиғатты бедерлеудегі түстер үйлесімі, автордың осы орайдағы ерекше талғамы назарға ілікпей қоймайды. Мұның өзі, түптеп келгенде, болмысты зерделеудегі ой-сезім экспрессиясын мейлінше дәл беруге деген суреткерлік талпынысты аңғартады.

«Үлкен суреткер үшін көркем мәтін әрқилы кесінділерден тігіле салған құрақ көрпе емес, ол – әркелкіліктің үйлесімі», – дейді А.Брагина [Брагина А., 1986, б. 129]. Демек, көркем мәтін кеңістігіне енген әрбір деталь өзімен бірге әлдеқандай философиялық мән, эстетикалық сезім ала келеді. Түркі халықтарына тән дүниеқабылдау және шындықты эстетикалық сезіну ерекшеліктері олардың белгілі бір түр-түстерге мағыналық жүк артып, соны дәстүрге айналдыруынан аңғарылады. Бұл – сан ғасырлар бойы қалыптасқан фольклорлық, мифопоэтикалық әлемсезіну сынды ментальді жаратылыс ерекшеліктерімен тығыз байланыстағы қасиеттер. Түстердің ішінде қазақ халқы үшін ақ, қара түстерінің философиялық-эстетикалық мәні зор. Олар қолданысына қарай жағы жағымды әрі жағымсыз қасиеттерді бере алады. Мысалы, қара түсі көптеген халықтарда жағымсыз мәнге ие болса, қазақ елі үшін аса сакралды мағынаға ие қасиетті ұғым саналады. Ал ақ, қызыл, қара түстері – түстер палитрасындағы классикалық үштік саналады [Шаинова Г., 2007, б. 49]. Негізінен осы аталған түстердің филосо-

фиялық-идеялық мағына беру әлеуеті жоғары.

«Ай мен Айшадағы» ауырып шетінеген неміс сәбиі Эльзаның бейітін суреттегенде ақ, қара, қызыл түстеріне қатысты символдық-философиялық ой таңбаланған: «...Эльзаны зираттың өзіне емес, одан төменірек, Бердімбет сайының қабағынан ошақтай ғана жер қазып, соған көме салды. Қызыл құмырсқаның илеуіндей ғана төбешік ақ қардың ортасында қарауытып қалды. Аппақ дүниенің бетіне біткен бір түйір тарыдай ғана мең».

Ал жалпы, «аппақ дүние» деген осы бір өгей бала сияқты оқшау ауылға болмаса, жалпы әлемге жараспайды. Жалпы дүниенің беті дәле-дәле. Айғыз-айғыз қан» [Мұртаза Ш., 2002, б. 41].

Жас өлікті жер қойнына беру рәсімін авторлық баяндауда саналы түрде «көме салды» тіркесімен жеткізеді. Ғұрымы қысқа жанның бұл жалғандағы белгісі тек «тарыдай ғана мең» болып көрінер кішкентай ғана төбешік болып қалды. Автор қамшының сабындай қысқа ғұмырдың мәні жайлы, жалпы өлім мен өмір ортасындағы заман шындығын жайып салады. Әлемнің бейнесіне аппақ түсін қимаған суреткер, мұнысын адамзат қоғамының зұлымдығымен, қанішерлігімен сабақтастырғаны даусыз («Жалпы дүниенің беті дәле-дәле. Айғыз-айғыз қан»).

Түстер бейнесіндегі ең жиі қолданылатыны ақ түс десек, жаңсақ айтпаспыз. Оның ғылыми негізі де жоқ емес. Түстер спектріндегі басқа барлық түстер гаммасының бастауы ақ түс екендігін кезінде И.Ньютон дәлелдеген-ді. Ақ түс көне түркілердің наным-сенімдерінде киелі әрі таңғажайып құбылысты таңбалаған. Мысалы, түркілік танымдағы ғажайып персонаждардың көпшілігі осы түспен байланысты: ақ қасқыр, ақ барыс, ақ жылан, ақ қой, ақбоз ат, ақ қауырсын, аққу, т.б. [Бакиров М., 2015, б. 114-119].

Ақ түсінің күрделі мағыналық қолданысын «Мылтықсыз майдан» романынан байқаймыз: «Жер де, тау да аппақ. Тек бір дүлей құздарға ғана қар дарымайтын сияқты, қарайып жатыр. Бір сәт адамдар да осы қатпар-қатпар шыңдар сияқты бірі биік, бірі аласа, өзгермей, мәңгі өлмей, өмір сүре беретін сияқты. Таулардың тұрақтылығы адамды бір мезгіл сескендірер еді» [8, 50-б.]. Тағы да ақ пен қараның жарасымын я тайталасын кейіптейтін контрастылы сурет көз алдымызға көлбеңдейді. Дегенмен шығарманы қабылдау барысында ақ түсінің доминанталық позициясы психологиялық тұрғыда көңіл жұбатқандай болары анық. Көңілде әлдебір алаң туғызатын алабұртқан пейзаждық көрініс және ондағы табиғат пен адам өмірінің салғастыра саралануы еріксіз өмір мен өлім жайлы ойларға жетелейді. Қалай болғанда да, бұл пейзаждық суреттеме майдандағы Орақтың қазасынан алдын ала хабар беретін жанама мегзеу-тұғын. Мамай шалдың көзімен зерделенетін осынау табиғат келбеті ақ түсі арқылы суық хабардың жетерін

сездірткендей болады. Шал шынымен көңіліне секем алып қалады.

Небары бірер ай ғана отасып, жастықтың, махаббаттың тәтті дәмін қанып ішіп үлгермеген Тотия үшін бұл мүлде тосын жайт. Ол бір дегенде ештеңені түсіне де алмай қалады:

«...Ә дегенде не болғанын біле алмаған Тотияның қолындағы бір шелек сүт әлден соң барып ақтарылды да қалды.

Жаңа ғана сауылған ағарған буы шығып табалдырыққа дейін жылғалап келіп іркілді. Басакөктеп кірген жаманшылыққа тосқауыл болғысы келгендей есікті көлденеңдеп, аппақ болып көлкілдеп жатып алды» [Мұртаза Ш., 2002, б.53].

Жалғанның ащы дәмін әлі татып көрмеген Тотияның халі осылайша, шелектегі сүттің төгілуімен бейнеленеді. Ақ сүт – қаралы хабар оппозициялық жұбы аңғарылады. Киелі ақ сүт Мамай шал мен Арай кемпірдің тұла бойы тұңғышы, Тотияның жан жары – Орақтың шейіт болғандығы жайлы қаралы хабарға тосқауыл болғысы келгендей, оның жолын бөгеп, табалдырықта іркіліп қалады. Ал өмір заңы қатал. Өлім – хақ. Одан құтылу әсте мүмкін емес. Сайып келгенде, ақ сүт – осы жағдайда Тотияның ақ көңілін, ақ-адал ары мен үмітін кейіптейді.

Орақ қазасына қатысты сюжеттік оқиғаның тағы да ақ түсін негізге алған пейзаждық суреттеумен толастайды: «Аппақ қарға шағылыса шақырайып күн шықты. Таулар бір-бірімен көрісіп жылаған адамдардың азанғы көлеңкесіндей – ығы-жығы, теңселіп тұрған сияқты» [Мұртаза Ш., 2002, б.53]. Бұл тұста ақ түс тағы суық энергетиканы беретін психологиялық пейзажға арқау болған. Логикалық қисынға сай мінсіз пейзаж болуы тиіс табиғат көрінісі әдепкі пайым сұрлеуінен ойысып шығып, өмірдің қатал заңдылығын еске салады. Орақ есіл батыр болып ел үшін, жер үшін өлім құшты, ал мына жалған өмір жалғасып жатыр...

«Көркем хронотопты түсіну түстер гаммасы, дыбыстық толымдылым сынды аспектілерді пайымдау арқылы жүзеге асады. Себебі аталған сипаттамалар қабылдау және түйсіну үдерістерінде айтарлықтай зор мәнге ие. Кейіпкерлер тіршілік ететін кеңістіктің белгілі бір түспен берілуі олардың рухани ахуалы жайлы ақпаратты арқау еткен. Сондықтан шығармадағы түр-түстер мен палитраны зерделеу арқылы кейіпкерлердің сезім қозғалысын, олардың көңіл-күйлеріндегі өзгерістерді болжауға болады, – дейді А.Темірболат. – туындыда қолданыс тапқан түстер гаммасы арқылы автордың ішкі әлемінің ерекшеліктері, оның кейіпкерлердің іс-әрекеті мен орын алған оқиғаларға көзқарасы айқындалады. Түс баяндаушының психологиясына бойлауға мүмкіндік береді» [Темірболат А.Б., 2009, б. 48]. Ал «Ай мен Айшадағы» сұр түсі мен боздау үніне негізделген картина жайсыз, үрейлі психологиялық ауанды аңғартады: «Түсі суық сұр бұлт қап-

таған күз еді. Мен жылқыны еңіске айдап, арпаның аңызына жайып, өзім бурыл тайдың үстіне шоқиып, ылдидан, станса жақтан келетін сұрлеу жолдың бойына, мына сұрқай дүниеге сүлесоқ қарап отырмын. Төменде, Теріс өзенінің бер жағында, темір жолмен пойыздар арлы-берлі өтіп жатыр. Паровоздың боздаған үні талып естіледі. Батысқа қарай кеткені көбірек боздайтын сияқты. Кейін-кейін шамаласам, батысқа қарай сол пойыздармен кілең боздақтар соғысқа аттанып бара жатады екен ғой» [Мұртаза Ш., 2002, б. 128]. Ассоциативтік жағынан таңдап алынған палитра романдағы тарихи уақыт – соғыс психологиясымен тамырлас. Автор-баяндаушының ішкі жан әлеміндегі жайсыздықты білдіретін сөз қолданысы мен қоршаған әлемді танудағы субъективтік көзқарас, түс пен дыбыс үйлесімінен нанымды образды картина жасаудың шебер үлгісін паш етеді. Айналадағы қандайда бір құбылыстың кейіпкер психологиясы әсер-ықпалын бейнелеу барысында түстер палитрасының маңызы зор.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жүргізілген талдаулар нәтижесінде Ш.Мұртаның «Ай мен Айша» және «Мылтықсыз майдан» романдарындағы соғыс концептінің мағыналық элементтері пейзаж суреттеулері арқылы айқындалды. Жазушы туындыларындағы «соғыс» концептінің мағыналық бірліктері айқындалды. Олар: батыс (майдан), сұр бұлт (қасірет), тырналар (әскер), қарғалар (құзғын), боздақтар (солдаттар), қан (зұлымдық құрбандары), ақ сүт (үміт пен адалдық), қаралы хабар, жесір, жетім, т.б.

Қаламгер көркем психологизм негізінде кейіпкердің рухани әлемін, оның дүниеқабылдау ерекшеліктерін ашады. Осы орайда соғыс ұғымының кейіпкер түсінігіндегі мәні тұрмыс-тіршілік, еңбек үдерісі барысындағы детальдар арқылы зерделенеді. Көркем дискурстағы сөз қолданыстардың, стильдік –бейнелі сөздердің жиынтығы кінәсіз халықтың қасірет шегуі, соғыс құрбандары жайлы дәуір шындығын айқара ашады. Ш.Мұртаның «Ай мен Айша», «Мылтықсыз майдан» атты романдарындағы баяндау жүйесі талданып, дискурстық сөз қолданыстар арқылы қаламгерлік стильдегі «соғыс» концептін кейіптейтін ұғымдар жиынтығы анықталды. Қаламгер танымындағы батыс ұғымы ассоциативтік ыңғайда соғыс даласын білдіреді. Қаламгерге тән концептосферада соғыс концептін бейнелеудегі енді бір ұтымды тәсіл – түстер палитрасын қолдану. Автор ақ – қара контрасты негізінде зұлымдық пен мейірімділікті, жақсылық пен жамандықты, үміт пен күдерді, өмір мен өлімді нысан етіп, осы бағыттағы ой-толғамдарымен бөліседі.

Пейзаж суреттеріндегі соғыс рухының бедерлену ерекшелігі анықталды. Талдау нәтижесінде Ш.Мұртаның жеке қаламгерлік поэтикасын «соғыс» концепті аспектіде әлі де терең зерттеу қажеттігі айқындалды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1 Теория литературы: Учебник / В.Хализев; – М.: Высшая школа, 2005. – 405 с.
- 2 О поэтах и поэзии: Книга / Ю.Лотман; – СПб. : Искусство-СПб., 1999. – 848 с.
- 3 «Природа, мир, тайник вселенной...»: Система пейзажных образов в русской поэзии: Книга / М.Эпштейн; – М.: Высшая школа, 1990. – 304 с.
- 4 Карасик, В.И. Языковой круг: личность, концепты, дискурс. Монография: – М.: Гнозис, 2004. – 390 с.
- 5 Великая Отечественная война в языковой картине мира (на материале концепта «война») Книга / Х.Чайлак; –Велес. – 2015. – 12-1 (30). – С. 112-116.
- 6 Дубинин В. Козлова О. Репрезентация концепта «война» в повести К.Д. Воробьева «Крик» // Региональное образование XXI века: проблемы и перспективы: Сборник статей. М.: Тогирро, – 2016. №2. – С.68-69.
- 7 Алты томдық шығармалар жинағы: Ай мен Айша. Роман / Мұртаза Ш; – Алматы: Қазығұрт, 2002. – 456 б.
- 8 Алты томдық шығармалар жинағы: Мылтықсыз майдан. Роман / Мұртаза Ш; – Алматы: Қазығұрт, 2002. – Б. 6-101.
- 9 Стародубцева К. Репрезентация концепта «война» в поэзии Н. Гумилёва // Русский язык и литература в образовательном процессе: Сборник статей. – Саратов, 2016. – С.164-170.
- 10 Лексика языка и культура страны: Книга / Брагина А; – М.: Рус. яз., 1986. – 152 с.
- 11 Шаинова Г. Символика цвета в романе «Трон сатаны» Р.Сейсенбаева // Вестник КазНУ. Серия филологическая. – 2007. – №6. – С. 49-52.
- 12 Бакиров М. Семантика цвета в контексте истории, искусства и художественной словесности тюрков // Филология и культура. – 2015 – №1. – с. 114-119.
- 13 Темірболат, А.Б. Категории хронотопа и темпорального ритма в литературе. Монография. – Алматы: Ценные бумаги, 2009. – 504 с.